

КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғау үшін мәселені келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай қақтығыстарды барынша толық әрі жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын нақты үйлестіруді көздейді.

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудитті ҚМГ Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады.

ІАҚ ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынып, соған есеп береді және оған ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы толығырақ [ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жылдық есебінің 259-260-беттерінде мазмұндалған.](#)

Ішкі аудит қызметі 2024 жылы атқарған жұмысы

Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына ҚМГ мен ЕТҰ-ның тақырыптық аудиттері, өндірістік, операциялық және қаржылық процестерінің аудиттері, ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық қызметтің басты көрсеткіштерінің орындалу мониторингі, ІАҚ берген ұсынымдарды орындау мониторингісі енгізілді. Осы жоспар шеңберінде 22 аудитті орындау көзделген, ІАҚ нақты 35 аудит жүргізді, соның ішінде жоспардан тыс 12 тексеру өтті.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының көмегімен Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Егер корпоративтік қақтығысқа Директорлар кеңесінің төрағасы тартылса, мұндай жағдайларды Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.

2024 жылы жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ІАҚ компания қызметін жетілдіруге бағытталған 466 ұсыным берді; ұсынымдарды орындау жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыруға мониторинг жасап, бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді. Анықталған тәуекелдерді азайту мақсатында ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау, ұсынымдардың орындалуына мониторинг және пост-аудит жүргізеді. 2024 жылы жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар берілген қызметтің негізгі бағыттарына өндірістік қызмет, сатып алу рәсімдері, еңбекті қорғау, келісімшарттарды орындау, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік, инвестициялық қызмет және күрделі салымдар кіреді.

Аудит жөніндегі комитет ІАҚ қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, кәсібилікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Осы мәселелер ІАҚ есептеріне енгізіледі және оларды Аудит жөніндегі комитет тоқсан сайын қарайды.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі ҚМГ-ның ішкі аудит функциясы тиімділігінің кепілі болғандықтан, оқыту және біліктілікті арттыру процесінің маңызы жоғары.

СЫРТҚЫ АУДИТ

ҚМГ компаниялар тобының бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің дұрыстығын тәуелсіз бағалау мақсатында жыл сайын ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған есептілікке аудит жүргізеді. Сыртқы аудиторды ҚМГ Директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

2022 жылғы 20 қаңтардағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы атынан акционерлердің шешіміне сәйкес ҚМГ-ның 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есептілігінің сыртқы аудиторы болып «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы танылды.

Аудиторды тағайындау және оның тәуелсіздігін анықтау туралы ақпарат [ҚМГ-ның 2023 жылға арналған Жылдық есептің 262-бетінде сипатталған.](#)

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды және бизнестің тұрақты дамуына әсер ететін тәуекелдерді анықтауды, бағалауды және азайтуды қамтамасыз етеді. Негізгі мақсаты — сыртқы және ішкі өзгерістер жағдайында компанияның тұрақтылығын арттыру.

ТБКЖ-ның құрылымын қоса алғанда, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі туралы ақпарат [ҚМГ-ның 2023 жылға арналған Жылдық есебінің 263-бетінде берілген.](#)

2024 жылы ТБКЖ дамыту және жетілдіру

Тәуекелдерді басқару жүйесі негізгі тәуекелдерді анықтау, талдау, бақылау және басқаруды қоса алғанда, өзара байланысты процестерге негізделген. 2024 жылы санкциялық тәуекелдер мониторингін және негізгі тәуекел индикаторларын автоматтандыру бойынша пилоттық жобаны іске қосуды қоса алғанда, жүйені жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды.

ҚМГ COSO стандартына сәйкес «Қорғаныстың үш желісі» моделін ұстанады. Тәуекел мәдениетін арттыру және қызметкерлерді оқыту бойынша жұмыстар жалғасуда.

Сыртқы аудитордың аудиторлық емес қызметтерді көрсетуі

ҚМГ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына сәйкес сыртқы аудитор аудиторлық емес қызметтер көрсету үшін Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуға міндетті. Есепті жылы ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық емес қызметтерге арналған жалпы шығын сомасы алдыңғы үш есепті жыл қатарынан ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтерге жұмсалған шығыстардың орташа сомасының 50%-нан аспауға тиіс.

ҚМГ жыл сайын Аудит жөніндегі комитетке сыртқы аудиторға рұқсат етілген аудиторлық емес қызметтерду және есепті жылы сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты бекіту үшін ұсынады. 2024 жылы ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің үлесі 2024 жылы ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтер үшін төленген сыйақының жалпы сомасының 2,8%-ын құрады.


Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) ҚМГ-ның негізгі процестеріне интеграцияланған, операциялық және қаржылық мақсаттарды орындауда, сондай-ақ заңнаманы сақтауға орынды сенімділікті қамтамасыз етеді. 2024 жылы негізгі бизнес-процестерде бақылау процедураларының мониторингін автоматтандыруға және ішкі бақылауды ресімдеуге баса назар аударылды.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (ҚҰБЖ) компанияның инциденттерге төзімділігін қамтамасыз етеді. 2024 жылы ЕТҰ-дағы негізгі бизнес-процестерге арналған қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары әзірленді.

Корпоративтік сақтандыру компания мен акционерлердің мүлктік мүдделерін қорғайды. Сақтандырудың негізгі түрлеріне өндірістік активтерді, үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті және энергетикалық тәуекелдерді сақтандыру кіреді.

ҚМГ-ның негізгі тәуекелдері – мұнай экспортының төмендеуі, мұнай бағасының құбылмалығы, заңнаманың өзгеруі, экологиялық және климаттық тәуекелдер. Жыл бойы компания мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыруды, санкциялық тәуекелдерге мониторинг жүргізуді және төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруды қоса алғанда, тәуекелдердің ықпалын төмендету жөнінде шаралар жасады.

Тәуекелдер картасы



№	Тәуекелдердің атауы
1	Мұнай экспортының төмендеу тәуекелі
2	Өндірісте жарақат алу тәуекелі
3	Ел бойынша тәуекел және санкциялар қаупі
4	Өтімділік және қаржылық тұрақтылық тәуекелдері
5	Инвестицияға (жобалар) қатысты тәуекелдер
6	Қызметін жүргізетін өңірлердегі әлеуметтік жағдай
7	Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы
8	Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі
9	Өндірістік нысандарда авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі
10	Қолданыстағы заңнаманың өзгеру қаупі, сондай-ақ сот талаптары мен арбитраждық қарау тәуекелі
11	Экологияға теріс әсер ету қаупі
12	Геологиялық тәуекел
13	Климаттық тәуекелдер және төмен көміртекті даму
14	Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері

Компанияның басты тәуекелдері

Тәуекел өзгеріссіз

Тәуекел артуда

Тәуекел төмендеуде

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Мұнай экспортының төмендеу тәуекелі Негізгі себептері: КҚК құбырындағы апаттар апаттар, техникалық ақаулар, санкциялар мен геосаяси тұрақсыздық, сұраныстың төмендеуі Әсері Тасымалдауды шектеу, ірі кен орындарында (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) өндіруді тоқтату, қоймалардың толуы, пайданың түгел болмауы	Тасымалдаудың баламалы бағыттары пысықталып жатыр, мұнай құбырлары кеңейтілуде, КҚК-ның аса маңызды жабдықтары ауыстырылуда
	Өндірісте жарақат алу тәуекелі Себептері: еңбекті қорғау саласындағы ережелерді сақтамау және өндірістік тәртіпті бұзуы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Әсері Қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіріп, жарақат алуына әкелу, қаржылық шығындар, іскерлік тәуекелдер, өндіріске нұқсан келтіру.	Компания қауіпсіздікті арттыру үшін оқыту бағдарламаларын жүргізеді, бақылау рәсімдері мен жаңа технологияларды енгізеді. «Қорғау» карталары және қызметкерлердің әрекетін бақылау арқылы инциденттерді есепке алу жүйесі (Near Miss) іске асырылуда. ЕТҰ-да мердігерлермен жұмысты қоса алғанда, өндірістегі қауіпсіздікті арттыруға бағытталған тексерулер мен бағдарламалар жалғасуда
	Ел бойынша тәуекел және санкциялар қаупі Компания шет мемлекеттерде де қызметін жүзеге асырады, бұл оны экономикалық және саяси жағдайлар алдында әлсіз етеді. Санкциялар ортақ жобалар мен жабдық жеткізуге әсерін тигізуі мүмкін. 2024 жылы кейбір өнім/қызмет көрсетушілер Ресей компанияларының қатысуы салдарынан ынтымақтастықтан бас тартты. Әсері Санкцияларды қатаңдату компанияның операциялық және қаржылық қызметіне теріс әсер етіп, сондай-ақ компанияға қайталама санкциялар салуға әкелуі мүмкін.	- санкциялық тәуекелдерге мониторинг және талдау жүргізу, Қорға және компанияның мүдделі бөлімшелеріне уақтылы ақпарат беру - Перспективті жобаларды бағалау және баламалы мердігерлерді тарту - Келісімдерге санкциялардан қорғау тетіктерін енгізу - Импортты алмастыру бойынша жұмыс тобын құру
	Өтімділік және қаржылық тұрақтылық тәуекелдері Негізгі тәуекелдер өтімділікпен, қаржылық тұрақтылықпен және несиелік рейтингтердің төмендеуімен байланысты, бұл қарыздарды дереу өтеуді талап етіп, қаржыландыру мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Әсері Операциялық және және инвестициялық қызметті қаржыландыру үшін жеткілікті көлемде қаражат тарта алмау қаупі. 2024 жылы Компания қаржылық тұрақтылықтың жеткілікті деңгейін сақтап тұрды.	- Борыш деңгейін бақылау және борышты өтеуге бос ақша қаражатын жіберу - Қарыз және ішкі капитал көздері арасындағы баланс - Шығын көлемін қысқарту және бюджеттерді бақылау - ЕТҰ-ның ағымдағы қарыздарын және қаржылық көмегін қайтару - Капитал нарықтарына шығу мүмкіндігін сақтау үшін кредит төлеу қабілетін ұстап тұру - Борыш жүктемесін азайту үшін қарыздарды мерзімнен бұрын өтеу

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Инвестицияға (жобалар) қатысты тәуекелдер Көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау және өңдеу саласындағы жобалар сыртқы және ішкі факторларға байланысты тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. 2024 жылы кідірістердің басты себептері сатып алудың ұзаққа созылған процедуралары мен мердігерлерден кепілдік күту болды.	- Жобаларға тұрақты мониторинг жасау және жоспарларға өзгерістер енгізу - Жеткізушілермен келіссөз жүргізу және операциялық шығындарды азайту - Инвестициялық бағдарламаны оңтайландыру және тиімсіз жобаларды алып тастау - Халықаралық компаниялардың стандарттары бойынша жобалық басқару жүйесін (Stage Gate Process) енгізу
	Қызметін жүргізетін өңірлердегі әлеуметтік жағдай Компания, әсіресе мердігер ұйымдардың қызметкерлері арасында рұқсат етілмеген ереуілдер қаупіне ұшырайды. 2024 жылы Маңғыстау облысында ереуілдердің саны өскені байқалды, негізгі талаптар жалақыны көтеру және жұмысқа орналастыру болды.	- Маңғыстау облысындағы қақтығыстарды реттеу үшін Ақтауда ҚМГ өкілдігі жұмыс істейді - Кәсіпорындардағы әлеуметтік жағдайды үздіксіз бақылау және мемлекеттік органдармен бірлесіп қақтығыстардың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу - ЕТҰ-да еңбек жағдайлары мен инфрақұрылымды жақсарту бойынша Жол карталары әзірленді (2023-2027 жылдар) - Басшылықтың қызметкерлермен тұрақты кездесулері бойынша ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі енгізілді 2024 жылы ЕТҰ-да және мердігерлермен қосымша келісімдер жасасу арқылы мердігер ұйымдарда 1 194 адам жұмысқа орналастырылды
	Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы Компанияның энергия көздері бағасының аса құбылмалы болу қаупі бар.	- Нарық күрт өзгерген жағдайда дағдарысқа қарсы шараларды енгізу - Даму жоспарын түзету, шығындарды азайту және оңтайландыру - Инвестициялық жобалардың басымдығы - Мұнай және мұнай өнімдері бағасын тұрақты мониторингілеу және сұранысты талдау
	Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі Негізгі сыртқы себептер: электр қуатын авариялық жағдайда ажырату, электрмен жабдықтаудағы іркілістер, ауа-райының қолайсыздығы. Негізгі ішкі себептер: ұңғымалардың тозуы, тиімсіз жоспарлау және сапасы төмен құрал-жабдық	- Ені компаниясымен бірлесіп Жаңаөзен қаласында қуаты 247 МВт гибридіт электр станциясын алу (іске асыру мерзімі — 2024–2026 жылдар) - Ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңдерін тұрақты бақылау, жабдықтарды дер кезінде жөндеу және жаңғырту
	Әсері Шығындардың өсу, өндірістік объектілерді уақтылы пайдалануға бермеу, жобалық мақсаттарды орындамау	

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Өндірістік нысандарда авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі Компанияның өндірістік қызметі авария болу қаупімен байланысты, олар мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.	- Бұрғылау ерітіндісінің геологиялық сипаттамалары мен өлшемшарттарын бақылау - Бұрғылау ерітіндісінің дайындалуын міндетті түрде бақылау және газ-мұнай, судың бөліну белгілеріне мониторинг жасау - Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және оны диагностикалау, өнеркәсіптік қауісіздікті тексеру - Жабдықты қауіпсіз пайдалану бойынша қызметкерлерді оқыту және нұсқаулықтар жүргізу - Мүлікті бұзылуынан ерікті сақтандыруға қатысты келісімшарттар жасасу
	Заңнаманың өзгеру қаупі және сот даулары тәуекелдері Компания қызметіне салықтық және кедендік реттеуді қоса алғанда, қолданыстағы заңнамадағы өзгерістер, сондай-ақ сот және төрелік даулар бойынша соттардың теріс шешімдер қабылдау тәуекелі әсер етуі мүмкін.	- Заңнамадағы өзгерістерге және олардың әсер ету дәрежесіне тұрақты мониторинг - Заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысу - сот практикасына мониторинг және үздік тәжірибені қолдану - Стати дауының істі қайта қарау құқығынсыз аяқталуы, бұл қосымша шығындар қаупін жойды және Компанияның құқықтық позициясын нығайтты
	Экологияға теріс әсер ету қаупі Компания қоршаған ортаға теріс экологиялық әсер ету және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдату қаупіне ұшырайды	- Шығарындыларды басқару және газды алау етіп жағуын азайту - Су ресурстарын және өндіріс қалдықтарын басқару - Жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру - Экологиялық аспектілерді профилактикалық басқару және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл - Қалдықтарын кәдеге жарату бойынша меморандум қабылдау және жиналған қалдықтарға мониторинг жүргізу - ЕТҰ-ларда экологиялық мониторингтің үздік технологиялары мен автоматтандырылған жүйелерін енгізу
	Әсері Экологиялық тәуекелдер айыппұлдарға, нормативтен тыс төлемдерге, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындарына және әлеуметтік арттыруға әкелуі мүмкін	

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Геологиялық тәуекел Барлау жобаларын іске асыру геологиялық құрылымның белгісіздігінен туындайтын тәуекелдермен байланысты, бұл көмірсутектер қорларының анықталмауына немесе қорлардың төмен бағалануына әкелуі мүмкін. Әсері Коммерциялық тұрғыдан өнімді қорлардың болмауы немесе қорлардың жоспарланған деңгейден төмен болуы.	- Геологиялық-геофизикалық деректерді және ұқсас кен орындары бойынша деректерді жинау және талдау - Деректерді зерттеу мен түсіндірудің қазіргі заманға сай геофизикалық әдістерін қолдану - Геологиялық тәуекелдерді азайту үшін озыңқы сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу - Кен орындарды бірлесіп барлау үшін стратегиялық серіктестерді тарту - Оқыту және шетел компанияларымен тәжірибе алмасу арқылы қызметкерлердің біліктілігін арттыру
	Климаттық тәуекелдер және төмен көміртекті даму Компания өз қызметінде технологиялық, реттеуші және нарық тәуекелдерін қоса алғанда, энергия көзінің жаңа түрлеріне көшу мен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге, сондай-ақ экстремалды ауа-райы мен климаттың ұзақ мерзімді өзгерістерден туындайтын физикалық әсер ету тәуекелдеріне тап болады. Әсері Климаттық тәуекелдер шығындардың өсуіне, кірістің төмендеуіне, қызметкерлер денсаулығының нашарлауына және өнімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін	- ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасының жобасы әзірленді - Энергия тұтыну және парник газдары шығарындыларын есепке алу жүргізіледі - ЕТҰ-дағы шығарындыларды азайту жөніндегі жоспарларды мониторингілеу және іске асыру - Метан шығарындысын азайту бағытындағы жобаларға инвестиция тарту үшін халықаралық ұйымдармен келіссөз жүргізу - Chevron компаниясының және Павлодар облысы әкімдігінің қатысуымен орман климаттық жобаны іске асыру - Кендірлі кентінде (Маңғыстау облысы) су тұщыту зауытын салу - Жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) жобаларын іске асыру: Епі-мен бірлесіп гибриді, Жаңаөзен қаласында электр станциясының құрылысы (жел — 77 МВт, күн — 50 МВт, газ — 120 МВт), сондай-ақ Total Open-мен серіктестікте Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері Компания ақпараттық ресурстардың құпиялығын, тұтастығын бұзу және кедергісіз алу қаупіне ұшырайды. 2024 жылы ақпараттық қауіпсіздікті бұзуға байланысты қаупі жоғары санатындағы үш оқиға тіркелді. Барлық оқиға бойынша уақтылы іс-әрекет жасалды, бұл компанияның инфрақұрылымы мен бизнес-процестеріне кері әсерін тигізбеуге ықпал етті. Әсері Деректердің жария болуы, ақпараттық жүйелердің ақаулары, бизнес-міндеттердің орындалуының тоқтап қалуы	Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ) тәуекелдерін басқару үшін Компания мынадай іс-шараларды жүргізеді: - жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығына қосылу арқылы АҚ оқиғаларына тұрақты мониторинг; - ISO/IEC 27001 халықаралық стандартына сәйкес Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі менеджмент жүйесін қолдау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау; - киберқауіпсіздікке сыртқы бағалау мен аудиттер жүргізу, сондай-ақ ақпараттық инфрақұрылымдағы осал тұстарды анықтауға және жоюға бағытталған тұрақты іс-шаралар. Ол үшін әлеуетті осал жерлерді анықтау мақсатында ҚМГ және ЕТҰ жүйелеріне кіріп кетуін жүйелі сканерлеу, тестілеу жүргізіледі, сондай-ақ оларды жою жөніндегі шаралар жедел жасалады; - осал тұстарды талдаудың автоматтандырылған жүйелерін қоса алғанда, ең жаңа инновациялық технологияларды және компанияға киберқауіптерді алдын алау басқаруға мүмкіндік беретін инциденттерді мониторингілеу жүйесін пайдалану; - фишинг пен әлеуметтік инженерлік шабуылдарға байланысты қауіптердің алдын алуды қоса алғанда, қызметкерлерге ақпараттық қауіпсіздік туралы хабардар етуді арттыру шаралары. Компанияда электрондық поштамен және басқа да коммуникация құралдарыменн жұмыс істеу кезінде қауіпсіз әрекеттердің тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту тренингтері, семинарлар мен тестілеу үнемі өткізіліп тұрады